

Бекітемін

Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің

Басқарма төрағасы – Ректор,

с.ғ.д. профессор

Дулатбеков Н.О.

2021 ж.



**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
01 Педагогикалық ғылымдар даярлау бағыты бойынша 6D010200 –
Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 6D010300 - Педагогика
және психология мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес
туралы ережесі**

1. Диссертациялық кеңес туралы осы Ереже 18.02.2011 ж. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңның 4-бабының 13) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы Типтік ереженің 4-тармағына сәйкес, «31.03.2011 жылғы ҚР БҒМ бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР БҒМ 4.05.2013 ж. № 172 бұйрығына сәйкес, «ҚР БҒМ 31.03.2011 ж. бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» ҚР БҒМ 21.01.2016 ж. № 56 бұйрығына сәйкес, "ҚР білім және ғылым министрінің бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар туралы» 28.09.2018 ж. № 512 бұйрығына сәйкес, "ҚР білім және ғылым министрінің бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар туралы» 30.04.2020ж. № 170 бұйрығына сәйкес, "ҚР білім және ғылым министрінің бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар туралы» 9.03.2021ж. № 98 бұйрығына сәйкес құрастырылған.

2. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің диссертациялық кеңесі – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды өткізетін және Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) алдында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтініш беретін алқалы орган (бұдан әрі – диссертациялық кеңес).

3. Диссертациялық кеңес 3 (үш) күнтізбелік жыл мерзімге құрылады және ЖОО-ның тиісті даярлау бағыттары бойынша келесі талаптарды орындау жағдайында қызмет етеді:

1) докторантура бағдарламасы бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы;

2) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 22-бабының 2-тармағына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасының білім беру бағдарламалары тізімінде тіркелуі ;

3) Заңның 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген докторантураның аккредиттелген білім беру бағдарламалардың болуы;

4) Заңның 5-бабының 2-1) тармақшасына сәйкес докторантураның тиісті мамандықтары (кадрлар даярлау бағыттары) бойынша бөлінетін 1, 2 және 3 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының болуы.

4. Диссертациялық кеңестің құрамына әрбір мамандық бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) маман енгізіледі.

Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 50% (елу) басқа жоғары оқу орындарының, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңес мүшелерінің 50% (елу) тұрақты мүшелері, оның ішінде төрағасы, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңес мүшелерінің 50% (елу) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттарды қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.

Ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері болып тағайындалмайды:

1) жақын туыстары - ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы, жекжаттары;

2) докторант немесе ғылыми кеңесші еңбек қатынастарында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін өзге де қатынастарда болатын ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірлесіп жарияланған мақалалар мен шолулардың бірлескен авторлары.

5. Диссертациялық кеңес құрылған жоғары оқу орнының басшысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасы және шет елдерде соңғы 5 (бес) жыл ішінде теріс шешім алған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер мен жетекшілер болған мамандар, Комитеттің сараптамалық кеңесінің қызметкерлері мен мүшелері диссертациялық кеңестің құрамына енгізілмейді.

6. Диссертациялық кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісінде) Хирша индексі 3 (үш) немесе халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарында басылымдары бар:

1) даярлаудың кемінде бір ғылыми саласына сәйкес келетін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) мәліметтері бойынша бірінші үш квартильдеріне кіретін немесе Scopus (Скопус) базасы мәліметтері бойынша 35 (отыз бес) процентиль көрсеткіші бар басылымдарында соңғы 5 (бес) жылдың ішінде 2 (екі) мақалалары;

2) кемінде жартысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган жарияланым ұсынатын ғылыми басылымдар тізбесіне еңгізілген ғылыми басылымдарда 10 (он) жарияланымдары бар.

7. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы мен ондағы өзгерістер, сондай-ақ төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшысы ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

8. Диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты барлық шығындар, оның ішінде басқа қаладан келген диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығындары диссертациялық кеңес жұмыс істейтін ЖОО есебінен өтеледі. ЖОО плагиатқа компьютерлік тексеру бағдарламасының болуын қамтамасыз етеді. ЖОО алу көзіне сілтемесіз алынған материалды пайдалануды анықтаудың StrikePlagiarism.com лицензиялық жүйесінде, өның ішінде халықаралық дерекқорлар бойынша диссертацияларды тексеруді қамтамасыз етеді. ЖОО-лар плагиатқа тексеру жөніндегі Комиссияның болуын қамтамасыз етеді.

9. Диссертациялық кеңес өзінің қызметі туралы ақпаратты ЖОО-ның интернет-ресурстарында орналастырады.

10. Диссертациялық кеңес күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін осы Ереженің 1 Қосымшасындағы формасына сәйкес Комитетке атқарылған жұмыс туралы статистикалық есепті ұсынады.

11. Диссертациялық кеңес атқаратын жұмыстар:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- 2) диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындау, қорғау күнін және диссертациялық жұмыс бойынша ресми рецензенттерді тағайындау;
- 3) докторанттың авторға және алу көзіне сілтемесіз алынған материалын пайдалануына (плагиат) диссертацияны тексеру үшін диссертациялық кеңес мүшелері қатарынан комиссия (бұдан әрі - диссертациялық кеңес комиссиясы) құру;

4) докторлық диссертацияны көпшілік алдында қорғауды жүргізу;

5) диссертация бойынша шешім қабылдау.

12. Диссертациялық кеңес мүшелері:

- 1) объективті, толық және дұрыс мәліметтерді ұсынады;
- 2) диссертацияны қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- 3) ғылыми этиканы бұзу фактілеріне ден қояды;
- 4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, екінші немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан бос болады;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмауға және реттеуге байланысты шараларды қабылдайды;

6) іс-әрекет барысында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды қолданбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

13. Нақты білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша диссертациялық кеңестің жабылуы үшін себепке байланысты болып табылады:

1) осы кеңесте қорғалған диссертациялар жөнінді Комитеттің 3 (үш) және одан да көп шешімдері негізінде докторантқа дәреже беру бойынша теріс шешім қабылданса немесе диссертация пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберілетін болса;

2) докторантура кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиядан айыру;

3) докторантураның білім беру бағдарламасының аккредитациялау мерзімінің аяқталуы.

Диссертациялық кеңес Үлгі ережеде белгіленген талаптарды 3 (үш) рет бұзған жағдайда диссертациялық кеңестің төрағасы, орынбасары және ғалым хатшысы ауыстырылады.

14. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғауды докторант ұсынған диссертациялық жұмыс формасы негізінде немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) дәрежелер беру ережелердің (бұдан әрі – Ережелер) 5-1-тармағының талаптарына сәйкес докторант жариялаған мақалалар топтамасы негізінде жүргізеді.

Докторант оқыған ЖОО қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін кафедраның немесе ЖОО құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) докторанттың диссертациясын алдын ала талқылауды жүргізеді. Жоғары оқу орнының докторанттың кеңейтілген отырыс өткізілгеннен кейін диссертацияны талқылаудың басқа нысандарынан міндетті түрде өтуін талап етуіне жол берілмейді.

Кеңейтілген отырыс өткізілгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) мамандарға жіберіледі.

Кеңейтілген отырысқа кафедра мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшенің ғылыми немесе академиялық кеңесітің мүшелері, ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ аралас (тұыс) кафедралардың (және (немесе) ЖОО-ның құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик-мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады.

Кеңесшілер болмаған кезде мәжілісте докторанттың диссертациясы бойынша олардың пікірлерін ЖОО-ның кафедра немесе құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның орынбасары оқиды.

15. Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант ЖОО-ның ректорына диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді.

Докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсеткен жағдайда, докторант оқыған ЖОО 10 (он) жұмыс күні ішінде оның құжаттарын диссертациялық кеңеске жібереді.

Алдын ала қорғаудан өткеннен кейін докторант диссертациялық жұмысты ЖОО-ның Этикалық комиссиясының қарауына ұсынады. Этикалық комиссия докторанттың/докторантура түлегінің ғылыми-зерттеу жұмысының материалдарына талдау жүргізеді және зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігін және әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы университеттің қорытындысын шығарады.

Этикалық комиссияның отырысына өтінім беруші (докторант) және оның ғылыми жетекшісі шақырылады. Ұсынылған материалдарды қарау қорытындысы бойынша Этикалық комиссияның хатшысы қорытындының жобасын дайындайды және диссертациялық кеңес туралы Үлгі ережеде көзделген басқа құжаттармен бірге докторант өз диссертациясын қорғайтын диссертациялық кеңеске жіберіледі.

Докторант оқыған ЖОО-ның бланкісінде ілеспе хатпен диссертациялық кеңеске мынадай құжаттарды тапсырады:

1) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің пікірлері (мемлекеттік құпиялары бар диссертациялар үшін отандық кеңесшілердің пікірлері);

2) кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшенің кеңейтілген отырысының оң қорытындысы;

3) қатты мұқабада және электронды тасымалдағыштағы (CD-дискіде) (бұдан әрі-электрондық тасығыш) диссертация;

4) ғылыми еңбектерінің тізімі және олардың көшірмелері;

5) докторант оқыған ЖОО-ның Этикалық комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертация қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады. Диссертация көлемі 120 беттен кем және 150 беттен артық болмауы тиіс.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы жүзеге асырады және 2 (екі) жұмыс күнінен кем емес мерзімде оларды диссертациялық кеңеске ұсынады.

Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы Үлгі ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындайды.

16. Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгерген және ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2011 ж. № 127 бұйрығымен бекітілген 5-8 пункттерінде көрсетілген "Ғылыми дәрежелер беру ережесіне" (бұдан әрі – Ереже), ҚР БҒМ 4.05.2013 ж. №172, 21.01.2016 ж. №56 бұйрықтарында еңгізілген өзгерістердің

талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды тіркеуге ұсынған докторанттар жіберіледі.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғалғанға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16 - тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі-басылымдар - Тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жарияланады.

Даярлау бағытына байланысты халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар есепке алынады, атап айтқанда:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Clarivate Analytics (КЛАРИВЭЙТ аналитикс) компаниясының Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн индексі Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн индексі) бөлімдері дерекқорында индекстелетін басылымдарда, сондай-ақ Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (Сайт Скор) бойынша белгілі процентиль көрсеткіші бар басылымдардағы.

JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда (немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн индексі), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн индексі Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) басылымдар тізбесіндегі журналдардағы мақалалар саны 3 (үш) құрайды.

JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар журналда 1 (бір) мақала немесе Scopus (Скопус) дерекқорында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) және JCR (ЖСР) базасының алғашқы үш квартиліне кіретін немесе Scopus (Скопус) дерекқорында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 50 (елу) болған жағдайда, Scopus (Скопус) дерекқорының бастапқы үш квартиліне кіретін журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда басылымдар Тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда мақалалар жариялау талап етілмейді.

JCR (ЖСР) базасының бірінші квартиліне кіретін журналда бір ғылыми мақала болған жағдайда басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар көрсетілген базаларда мәлімделген журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келеді және ағымдағы нөмірлерде жарияланады. Бұл ретте мақаланы жариялау немесе диссертацияны қорғау сәтінде журналда диссертация мазмұнына сәйкес келетін ғылыми салалардың кем дегенде біреуі бойынша

Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші немесе Web of Science Core Collection (Дэб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында импакт-фактор (немесе индекстеледі) болу тиіс.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда талап етілетін санынан асатын ғылыми мақалалар болған жағдайда, олар басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдардағы мақалалар ретінде есептеледі.

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Web of Science (Вэб оф Сайнс) деректер базасына енгізілген шетелдік патенттер халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар ретінде есептеледі.

Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде диссертацияның негізгі нәтижелері диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде кемінде 4 (төрт) мақала-басылымдар Тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда жарияланады.

Диссертацияларды шетелде қорғаған тұлғалар үшін аттестациялық істі Комитетке бергенге дейін жарияланған ғылыми еңбектері (оның ішінде 1 (бір) мақала - халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда) ескеріледі. Рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдағы мақала осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ескеріледі. Журналдағы мақала ретінде басылымдар Тізбесінен шетелдік ғылыми басылымдардағы мақалалар ескеріледі.

17. Құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияның қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар, докторанттың зерттеу саласында кемінде 5 (бес) ғылыми мақалалары бар екі ресми рецензентті тағайындайды.

Қорғау күні белгіленген күннен бастап 3 (үш) айдан аспайды. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезектілігі сақталады.

18. Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензенттердің, ғылыми консультанттардың бір-бірінен тәуелсіз принципін басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер ретінде тағайындалмайды:

1) Комитет қызметкерлері;
2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстар бойынша тең авторлары;

3) диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (бірлесіп орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін жоғары оқу орнының және (немесе) ғылыми ұйымның басшылары мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері.

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде диссертация мазмұны жөніндегі Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар. Диссертациялық кеңестің құрамынан рецензенттердің бірін тағайындауға рұқсат етіледі.

19. Диссертациялық кеңес докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы келесі ақпаратты ЖОО-ның интернет-ресурстарында орналастырады (мемлекеттік құпиялары бар материалдар мен диссертациялардан басқа):

1) алдағы қорғау туралы докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекен-жайын, күні мен уақытын көрсететін хабарлама (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын) тұрақты негізде қолжетімді болады);

2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул парағында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қол жетімді);

3) жалпы көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотациясы (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі сипатталады;

4) докторанттың жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын);

5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, қорғағаннан кейін 5 (бес) ай ішінде қол жетімді);

6) ресми рецензенттердің пікірлері (қорғаудың белгіленген күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын);

7) толық көлемдегі қорғаудың бейнежазбасы, монтаждауға жол берілмейді (қорғағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғағаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді);

8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғалғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғалғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болады);

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған кезде) шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін кемінде 5 (бес) ай қолжетімді болады);

10) осы Үлгілік ереженің 1 Қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады);

11) қорғау күнін, уақытын, орнын өзгерту туралы және ресми рецензенттерді ауыстыру туралы хабарландыру (болған жағдайда);

12) диссертациялық кеңестің құрамы және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі туралы ақпарат.

13) алу көзіне сілтемесіз алынған материалды пайдалануды анықтаудың, оның ішінде қолданылу мерзімдерін көрсете отырып, халықаралық дерекқорлар бойынша лицензиялық жүйесінің болуы туралы ақпарат.

14) докторант оқыған ЖОО-ның (осы Үлгі ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша) зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасының) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату процесінде бұзушылықтардың жоқтығы туралы Этикалық комиссиясының қорытындысы;

15) бейнеконференция формасында диссертациялық кеңестің online (онлайн) отырысын өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ақпарат.

Диссертацияны ЖОО-ның интернет-ресурстарында орналастыру кезінде авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады.

Диссертациялық жұмыс ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылғаннан және /немесе диссертацияға қабылданғаннан кейін (мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар диссертациялар қорғалған жағдайда) оған өзгерістер енгізуге жол берілмейді. Диссертациялық жұмыс пысықталған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін "Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы" деген белгімен ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Жоғары оқу орнының интернет-ресурстарында диссертация мазмұны бойынша ресми емес пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Авторлықты орнату мүмкін емес және автордың электрондық мекен-жайы жоқ бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

20. Алдағы қорғау туралы хабарлама сондай-ақ Комитеттің интернет-ресурсында келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік құпияларды қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырылады.

21. Диссертациялық кеңес қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертацияны отандық және халықаралық дерекқорлар бойынша докторанттың авторға және алу көзіне сілтемесіз алынған материалын пайдалануына (плагиат) тексеру үшін "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы" атты акционерлік қоғамына (бұдан әрі - МФТСҰО) жібереді. Титулдық парағы мен пайдаланылған дереккөздердің тізімі плагиатқа тексерілмейді.

МҒТСҰО-на келіп түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертация мәтінін өзінің интернет-ресурсында ашық түрде орналастыруды қамтамасыз етеді. Диссертация тұрақты негізде қол жетімді болады.

Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар диссертацияларды докторант қарызға алынған материалды авторға және қарыз алу көзіне сілтеме жасамай пайдалануға тексеру МҒТСҰО-да немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынышты әскери, арнаулы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарда комиссиямен жүргізіледі.

22. Диссертацияның бір данасы қағаз және (немесе) электрондық тасығышта ЖОО-ның кітапханасына жіберіледі. Қорғаудан кейін диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы электрондық тасығыштағы диссертация даналарын Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына жібереді (мемлекеттік құпиялары және қызметтік бабында қолданылатын мәліметтері бар диссертациялардан басқасы).

23. Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске Үлгі ережеге 3 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша пікірлер ұсынады. Диссертация мақалалар топтамасы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша мақалаларының ғылыми деңгейіне түсініктеме береді. Егер мақала мазмұнының 2/3 (үштен екісі) және одан көп бөлігі докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысты болмаса, ресми рецензент оны ескермейді.

Пікірлерде ресми рецензенттер келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасауға;

2) диссертацияны пысықтауға жіберуге (диссертацияны мақалалар сериясы нысанында қорғау жағдайларынан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тартуға.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғалғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензенттерді ауыстыру жазбаша бас тартқанда немесе рецензиялауды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда жүргізіледі. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кем уақытта қабылданса, онда қорғау күні ауыстырылады.

24. МҒТСҰО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлері және ЖОО-ның интернет-ресурсындағы ресми емес пікірлерінде көрсетілген плагиат фактілері болған жағдайда диссертациялық кеңестің Комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексеруді жүзеге асырады. Диссертациялық кеңес мүшелерінің арасынан 5 адамнан тұратын Комиссия құрылады.

Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертацияны қорғағанға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

25. Диссертациялық кеңес диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қорғағанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қорғаудан алады. Диссертациялық Кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ тиісті ақпарат жоғары оқу орнының интернет-ресурсында орналастырылады (мемлекеттік құпиялары бар диссертацияларды қорғау жағдайларын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қоспағанда).

Докторант диссертацияны қорғаудан, бірақ оны қорғағанға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей алып тастауға мүмкіндігі бар.

26. Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағасының орынбасары және ғалым хатшысы өздерінің міндеттерін олар ғылыми кеңесшілер болып табылатын докторанттың диссертациясы қаралатын жағдайда диссертациялық кеңестің отырысында өз қызметтерін орындай алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін атқару төрағаның орынбасарына жүктеледі, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін атқару диссертациялық кеңестің шешімімен мүшелерге жүктеледі.

Төраға, төрағаның орынбасары және ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді. Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғаудың бейнежазбасын толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаждауға жол берілмейді.

27. Диссертациялық кеңестің отырысы оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, отырысқа диссертациялық кеңес мүшелерінің қатарынан әрбір мамандық (кадрлар даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысса, заңды деп есептеледі. Диссертациялық Кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады.

Диссертациялық кеңес мүшелеріне диссертацияны қорғау отырысына бейне-конференция түрінде on-line режимінде Zoom.us платформасын пайдалану арқылы қатысуға рұқсат етіледі.

Диссертацияны көпшілік алдында қорғау Интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде жүргізіледі. Мемлекеттік құпиялары немесе қызметтік пайдалану үшін мәліметтері бар диссертациялар қорғалған жағдайда диссертациялық Кеңес мүшелерінің және ресми рецензенттердің бейнеконференция нысанында қатысуына, сондай-ақ Интернетте трансляциялануына жол берілмейді.

Отырысқа практикалық саладағы шақырылған мамандардың қатысуына жол беріледі (егер диссертация қолданбалы сипатта болса).

Диссертациялық кеңес докторантты, диссертациялық кеңестің мүшелерін, ресми рецензенттерді диссертация қорғалғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын бейнеконференция нысанында диссертациялық кеңестің отырысы

өткізілетіні туралы электрондық пошта және кеңес сайтында жариялау арқылы хабардар етеді. Диссертациялық кеңестің отырысын бейнеконференция нысанында өткізу кезінде: отырысқа қатысушыларды көзбен шолып сәйкестендіру; отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін Интернет желісінде үздіксіз бейне және аудиотрансляциялау; отырыстың бейне және аудиожазбасы; диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.

Диссертациялық кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізеді:

1) докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш жасау. Диссертациялық кеңестің шешімі отырысқа қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан астамы дауыс берсе оң қабылданды деп есептеледі. Егер оң шешімге отырысқа қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің 2/3-інен (үштен екісінен) азы дауыс берсе, теріс шешім қабылданады;

2) диссертацияны пысықтауға жіберуге (диссертация диссертациялық жұмыс формасында қорғалған жағдайда ғана);

3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;

4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден не докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтінішхаттан (ерекше мәртебесі жоқ ЖОО жанындағы диссертациялық кеңесте қорғаған жағдайда) бас тарту.

Диссертациялық жұмыстың мәтін бойынша елеусіз ескертулері болса, оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпесе, диссертация пысықтауға жіберіледі.

Егер диссертация Ережелердің 4 және (немесе) 6-тармақтарына сәйкес келмесе және (немесе) Ережелердің 5 тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі.

Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, анықтық қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Ғылыми кеңесшілер болып табылатын немесе докторантпен тығыз байланысты диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды.

Жасырын дауыс беруге ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру (немесе беру үшін Комитет алдында өтініш беру) туралы Кеңестің шешімі, егер оған дауыс беруге қатысушы адамдардың 3/4 (төрттен үш) және одан да көпі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жіберуден бас тарту туралы Кеңестің шешімі, егер оған дауыс беруге қатысушы адамдардың 2/3

(үштен екісі) және одан көпі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Егер дауыстардың аталған саны жиналмаса, онда қайта жасырын дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады, егер оған дауыс беруға қатысатын адамдардың көпшілігі дауыс берсе. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы диссертациялық кеңестің қорытындысы Үлгілік ереженің 23-тармағының 8) тармақшасына сәйкес ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Төраға мен ғалым хатшы қол қойған рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің пікірлерінің көшірмелері, отырыстың бейнежазбасы, стенограммасы және диссертациялық кеңестің қорытындысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Комитетке жіберіледі.

Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық кеңес қорытынды жасап, онда Үлгілік ереже мен қағидалардың қандай талаптарына диссертация сәйкес келмейтіні көрсетіледі. Диссертациялық жұмысты қайта қорғау Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен алдыңғы қорғау жүргізілгеннен кейін кемінде 6 (алты) айдан кейін жүргізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің және ресми рецензенттердің құрамы сақталады. Диссертация 2 (екі) реттен артық емес қайта қорғауға жіберіледі.

Диссертациялық кеңес пысықтауға жіберу туралы шешім қабылдаған кезде диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулері бар қорытынды қабылдайды. Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш ай мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі. Пысықтау мерзімін ұзарту туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген мерзімде ұсынылмаса, онда докторант қайта қорғаудан өтеді.

Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол осы ескертулерге дәлелді жауаптар береді.

Пысықталған диссертациялық жұмыс плагиатқа тексеру үшін МФТСҰО-на жіберіледі. МФТСҰО анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс Үлгілік ереженің 32-тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте Интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі.

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

28. Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының рәсімі мыналарды қамтиды:

- төрағаның кворум, отырысты өткізу құқығы туралы кіріспе сөзі, докторантты, оның мамандығын, диссертация тақырыбының ұсынуы;

- ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып, докторанттың құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғалым хатшының сөйлеген сөзі;
- докторанттың сөйлеген сөзі (20 минутқа дейін);
- докторантқа сұрақтар, докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөйлеген сөздері;
- рецензенттердің баяндамалары;
- рецензенттердің ескертулеріне және олардың ұсыныстары бойынша қорытындыларға докторанттың жауаптары;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;
- докторанттың қорытынды сөзі;
- төрағаны қоспағанда, диссертациялық кеңес құрамынан 3 (үш) адамнан тұратын есеп комиссиясын сайлау;
- ғылыми дәреже беру туралы өтініш беру мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;
- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі, есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;
- есеп комиссиясы төрағасының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы сөз сөйлеуі;
- қорғау негізінде диссертация бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау;

29. Диссертациялық кеңес докторантқа тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитет алдында өтініш беру туралы немесе осы дәрежені беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін жасырын дауыс беруді өткізеді.

Егер отырысқа қатысқан диссертациялық кеңестің 2/3 (үштен екі) және одан көп мүшелері дауыс берсе, оң шешім қабылданды деп есептеледі. Егер оң шешімге отырысқа қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

Теріс шешім қабылдаған кезде диссертациялық Кеңес қорытынды жасайды, онда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген осы Ереженің, Үлгілік ереженің, ғылыми дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – ереже) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетіледі.

Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы Үлгілік ереженің 23-тармағының 8) тармақшасына сәйкес ЖОО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

Төраға мен ғылыми хатшы қол қойған рецензенттердің, ғылыми консультанттардың пікірлерінің көшірмелері, отырыстың бейнежазбасы, стенограммасы және диссертациялық кеңестің қорытындысы шешім қабылданған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі;

30. Кеңестің ғалым хатшысы докторанттың аттестациялық ісін қалыптастырады, ол диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі. Осы мерзім өткеннен кейін докторанттың аттестациялық ісі қарауға қабылданбайды. Докторанттың аттестациялық ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) диссертациялық кеңес құрылған ЖОО-ның бланкісіндегі диссертациялық кеңестің төрағасы қол қойған, диссертацияны МҒТСҰО-на жіберу күні көрсетілген ілеспе хат (мемлекеттік құпиялары бар диссертацияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қоспағанда);

2) электронды тасымалдағышта (CD-дискіде) диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация қағаз мұқабасында да ұсынылады;

3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

5) докторанттың диссертацияны плагиатқа тексеру жөніндегі МҒТСҰО-ның анықтамасы. Мемлекеттік құпиялары немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар диссертация бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынышты әскери, арнаулы оқу орындарында және (немесе) ғылыми ұйымдарда докторант плагиатқа диссертацияны тексеру туралы комиссияның анықтамасы ұсынылады;

6) осы Ереженің 4 Қосымшасына сәйкес диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы;

7) диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғылыми хатшы қол қойған хаттамасы;

8) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскрипттің көшірмесі;

9) осы Ереженің 5 Қосымшасына сәйкес докторант туралы мәліметтер;

Осы 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке сканерленген түрде "пдф (pdf)" файлы форматында (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестаттау істерін қоспағанда) ұсынылады.

Аттестациялық істің екінші данасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне 1 (бір) жыл бойы сақтауға жіберіледі, содан кейін университет мұрағатына беріледі. Аттестациялық істің үшінші данасы диссертациялық кеңестің ғалым хатшысында 2 (екі) жыл бойы сақталады.

31. Қорғау нәтижелері бойынша диссертациялық кеңес теріс шешім қабылдаған кезде осы диссертация қайта өңделген түрде теріс шешім шығарылғаннан кейін бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынылуы мүмкін.

Комитет ғылыми дәреже беруден бас тартқан жағдайда диссертация Комитет түпкілікті шешім шығарғаннан кейін бір жылдан кейін қайта өңделген түрде қайта қорғауға берілуі мүмкін.

Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық кеңес диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесін тағайындайды, олар диссертацияда бұрын белгіленген кемшіліктерді жою туралы қорытынды жасайды. Қорытынды ЖОО-ның интернет-ресурсында қорғалғанға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және диссертацияны қорғауда оқылады.

32. Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертацияны қорғауды өткізген ЖОО-на шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде еркін формада береді. Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күндер ішінде ЖОО ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Апелляцияны өткізу тәртібін ЖОО дербес бекітеді.

Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман енгізіледі. Ереженің 12-17-тармақтарына сәйкес жұмыс істейтін ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің Сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды. Комиссия өз қызметінде осы Ережені және ұйымдастыру тәртібін басшылыққа алады.

Комиссия апелляциялық өтінішті, диссертацияны, диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің материалдарын қарайды және ол құрылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды. Апелляциялық комиссияның қорытындысын ашық дауыс беру негізінде

Комиссия мүшелері көпшілік дауыспен қабылдайды және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация соңғы шешім қабылдау үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі. Апелляциялық комиссияның қорытындысы өтініш берушіге ол қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарланады.;

33. Оқытудың білім беру бағдарламасын толық теориялық курсы менгерген, бірақ ДҒЗЖ орындамаған докторантқа ДҒЗЖ академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және келесі оқу жылдарында диссертацияны ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Оқытудың білім беру бағдарламасын толық теориялық курсы менгерген, ДҒЗЖ орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері және академиялық кредиттер беріледі және бітіргеннен кейін келесі оқу жылында диссертацияны ақысыз негізде, келесі жылдары кемінде 4 академиялық кредиттер көлемінде ақылы негізінде қорғауға мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар, докторант бітіргеннен кейін 3 жыл өткен жағдайда диссертациялық зерттеудің ғылыми негізделуі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ақылы негізде қорғауға жіберіледі.

34. Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диссертациялық кеңестің
төрағасы



Абильдина С.К.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы



Сланбекова Г.К.

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

(ЖОО атауы)

мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты)
бойынша)

Диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерден тұрады:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.
2. Диссертациялық Кеңестің жартысынан көбіне қатыспаған мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).
3. Оқу ұйымы көрсетілген докторанттардың тізімі.
4. Есепті жыл ішінде Кеңес қараған диссертацияларды қысқаша талдау:
 - 1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау;
 - 2) "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;
 - 3) диссертациялардың нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз пікірлердің мысалдарымен).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Мамандықтар бөлінісінде (кадрларды даярлау бағыттары) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың саны:
 - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың);
 - 2) қараудан шығарылған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың);
 - 3) рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың) теріс пікірлері алынған диссертациялары;
 - 4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың).
 - 4) қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың);
 - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың);
 - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттардың).

Диссертациялық кеңестің

төрағасы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің

ғалыми хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

Мөр күні " ____ " _____ 20 __ жыл

Диссертациялық кеңес туралы
Үлгі ереженің 2 Қосымшасы

Этикалық комиссияның қорытындысы

ЖОО атауы _____

1.	Докторанттың аты-жөні	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілері туралы деректер - Т. А. Ә, (болған жағдайда), лауазымы және жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Этикалық комиссияның хатшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диссертациялық кеңес туралы
Үлгі ереженің 2 Қосымшасы

Этикалық комиссияның қорытындысы

ЖОО атауы

1.	Докторанттың аты-жөні	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекітілген күні	
5.	Ғылыми кеңесшілері туралы деректер - Т. А. Ә, (болған жағдайда), лауазымы және жұмыс орны, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
8.	Ғылыми зерттеулер нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Егер бұзушылықтар анықталса, оларды көрсету қажет.
9.	Зерттеу объектілерінің (тірі табиғат объектілері мен мекендеу ортасы болған жағдайда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қорғау қалай жүргізілді?	

Этикалық комиссияның төрағасы

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Этикалық комиссияның хатшысы

_____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Диссертациялық кеңес туралы
 Үлгі ереженің 3 Қосымшасы

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№п п/п	Критерилер	Критерийлерге сәйкестік (жауаптың бір нұсқасын атап өту қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу
1.	Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе мақсатты бағдарлама шеңберінде орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағытты көрсету)	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	
3.	Дербестік принципі	Дербестік деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) дербестік жоқ	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертацияның өзектілігін негіздеу: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді: 1) көрсетеді; 2) ішінара көрсетеді; 3) көрсетпейді	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты;	

		<p>2) ішінара өзара байланыс; 3) өзара байланысы жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (принциптер, әдістер) белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) ішінара талдау; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың дәйексөздерін білдіреді</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p> <p>5.2 Диссертацияның тұжырымдары Жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (жаңа 25-75%); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады: 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)</p>	
6.	Негізгі тұжырымдардың негізділігі	Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген/негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдарға дайындық бағыттары үшін)	
7.	Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша мынадай сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Жағдай дәлелденді ме? 1) дәлелденген; 2) жартылай дәлелденген; 3) жартылай дәлелденбеген; 4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма? 1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ</p>	
8.	Шынайылық принципі	8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе	

	Дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың шынайылығы	әдістеме толық сипатталған 1) иә; 2) жоқ	
		8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдану арқылы алынды: 1) иә; 2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті/жеткіліксіз	
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) иә; 2) жоқ	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә; 2) жоқ	
		9.3 Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75%-ы ғана жаңа); 3) жаңа емес (25%-дан төмені ғана жаңа)	
10.	Жазу және безендіру сапасы	Академиялық жазудың сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташа деңгейден төмен; 4) Төмен.	

Ресми рецензент:

Диссертациялық кеңес туралы
Үлгі ереженің 4-қосымшасы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің қатысу парағы

"__" "__" 20__ хаттама № _____ кеңес отырысы.

(
кадрларды даярлау бағыты бойынша)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

докторанттың диссертациясын қорғау.


Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа қатысу (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

Докторант туралы мәліметтер

тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда)



1	Тұған күні және орны, азаматтылығы, ұлты		
2	Докторантурада оқу туралы мәліметтер (ЖОО және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияны қорғау орны және күні		
5	Диссертация тақырыбы және тілі		
6	Ғылыми кеңесшілер (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтылығы)		
7	Ресми рецензенттер (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежелері, ғылыми атақтары, азаматтылығы)		
8	Басылымдар саны, онын ішінде:		
	Басылымдар тізбесіндегі журналдарда		
	Web of Science (Вэб оф Сайнс) немесе Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымында		
	халықаралық конференциялар материалдарында, сонын ішінде:		
	шетелдік конференциялар материалдарында		
9	Еңбек іс-әрекеті		
	Мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы	Мекеменің мекен-жайы
	кабылдау	босатылу	
10	Мекен –жайы, байланыс мәліметтері		

Диссертациялық кеңестің
 ғалыми хатшысы _____

(қолы, тегі және аты-жөні)

Мөр күні " ____ " _____ 20__ жыл